

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі  
Астана қаласының Әділет  
департаменті  
Заңды тұлғаға мемлекеттік  
қайта тіркеу жүргізілді  
2007 жыл 03.02  
Күшік № 28177-001-05  
Алғашқы тіркелген күні 28.12.99



«ҚазАгро» ұлттық холдингі» АҚ  
Басқармасы мәжілісінің  
2007 жылғы 14 маусымдағы  
№20 хаттамасымен  
БЕКІТІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН  
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**  
20 07 ж. 21.08 жүргізілді  
БСН 9912-4000-0043  
Алғашқы тіркелген күні 28.12 жыл 99

## «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы  
Астана қ., 2007 жыл

СМОТРИ НА ОБОРоте  
АРҒЫ ЖАҒЫНА  
ҚАРАҢЫЗ

*Handwritten signature*

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «ҚазАгроҚаржы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі – Заңнама) сәйкес оның атауын, орналасқан жерін, құрылу ретін және оның басқару органдарының құзыретін, қайта құрылу шарттарын және оның қызметінің тоқтатылуы мен тағы басқа да ережелерін анықтайды.

2. Қоғамның атауы:

Мемлекеттік тілдегі:

толық: «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы

қысқартылған: «ҚазАгроҚаржы» АҚ

орыс тіліндегі:

толық: акционерное общество «КазАгроФинанс»

қысқартылған: АО «КазАгроФинанс»

ағылшын тіліндегі:

толық: Joint Stock Company «KazAgroFinance»

қысқартылған: JSC «KazAgroFinance»

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010011, Астана қаласы, 9 май көшесі, 37/1-үй, вп-1.

4. Қоғамның қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

## 2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ ДӘРЕЖЕСІ

5. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қарашадағы «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» № 1777 қаулысы негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы №220 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» №1247 қаулысы негізінде әрекет етеді.

6. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

7. Қоғам жарғы капиталында «ҚазАгро» ұлттық холдингі» АҚ (бұдан әрі – Ұлттық холдинг немесе Жеке акционер) қатысуымен акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық ұйым болып табылады, өзінің дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фималық атауы көрсетілген мөрі бар.

8. Қоғамның қызметін қаржыландыру жарғы капиталы қаражаты есебінен, оның қызметі нәтижесінде алынған дивидендтер есебінен құрылатын кірістер есебінен, және Заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

9. Қоғамның өзінің тауарлық белгісі бар және үлгілері Қоғамның атқарушы органымен бекітілетін және белгіленген тәртіпте тіркелетін басқа да

нышандары болуы мүмкін, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде мөртабандары, фирмалық бланкелері мен басқа деректемелері бар.

10. Заңнамамен белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғы капиталдарына қатысуға Қоғамның құқығы бар.

11. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған тәртіпте Қоғам оның тұрған жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ережелер негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқығы бар.

12. Қоғам мемлекеттік тіркелген кезеңнен бастап заңды тұлға құқығын алады.

### **3. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ**

13. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес Ұлттық холдинг орналастырылатын акцияны төлеуге берілген Қоғамның мемлекеттік акция пакетін иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асыратын шаруашылық субъектісі болып табылады.

Ұлттық холдинг Заңнамаға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша жеке акционер ретінде өз мүдделерін білдіреді.

14. Қоғамның құрылтай құжаты осы Жарғы болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар Қоғамның Жарғысымен Заңнамамен белгіленген тәртіпте танысуға құқылы.

### **4. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚАҒИДАЛАРЫ**

15. Қоғамның миссиясы бәсекелестікке қабілетті және экспортқа негізделген агроөнеркәсіп кешенін қол жеткізімді қаржылық қызмет көрсету арқылы және оны бизнесті жүргізудің жоғарғы стандарттары, тұрақтылық және сенімділік негізінде оны техникалық және технологиялық жаңарту бойынша басқа да қызметтерді жүзеге асыру арқылы құру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

16. Қоғам қызметінің қағидалары:

1) Қоғам қызметінің мемлекеттік аграрлық саясат басымдылықтарына және Заңнамаға сәйкестігі;

2) Қоғам қызметінің жариялылығы;

3) Қоғам қызметінің ашықтығы мен айқындығы.

17. Қоғамның жарғылық мақсатын жүзеге асыру үшін келесі қызмет түрлері жүзеге асырылады:

1) агроөнеркәсіп кешеніндегі лизингтік қызмет;

2) агроөнеркәсіп кешендері субъектілерін несиелендіру және оларға қаржылық қызмет пен басқа да қызмет көрсету;

3) республикалық бюджеттік бағдарламаларды және агроөнеркәсіп кешендерін дамытуға бағытталған басқа да бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

18. Қоғам қызметі осы Жарғыда белгіленген түрлермен ғана шектеліп қоймайды. Қоғам Ұлттық холдингпен келісім бойынша Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да қызметті жүзеге асыруға құқылы.

19. Егер қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған болса, Қоғам аталған қызмет түрлерін Заңнамамен белгіленген тәртіпте және соған сәйкес тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

## 5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Қоғам Жеке акционердің мүлігімен оқшауландырылған мүлікті иеленеді және оның міндеттері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлігі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты.

21. Жеке акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Заңнамамен қарастырылған жағдайларды қоспағанда оларға тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар қауіпін көтереді.

22. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

23. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды және міндеттерді иелене алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

24. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияны, «ноу-хауды» және басқа да ақпаратты иеленуге және пайдалануға құқық иелене және бере алады.

25. Қоғам шарттары мен шығару тәртібі, орналастырылуы, айналысқа шығарылуы және өтелуі Заңнамамен белгіленетін бағалы қағаздарды шығара алады.

26. Қоғам дербес түрде жұмыскерлердің еңбегін төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, табысты бөлуге, кадрларды іріктеу, орналастыру және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді шешеді.

27. Қоғам белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс орналасқан банктерде және басқа да қаржылық мекемелерде ұлттық валютада, сондай-ақ шетел валютасында шоттар ашуға құқылы.

28. Қоғамның Заңнамаға сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетел валютасында несиелену және несиелерді пайдалануға құқығы бар.

29. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

30. Қоғам Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарды иелене алады және өздеріне басқа да міндеттемелер жүктей алады.

## **6. ЖЕКЕ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

31. Жеке акционердің:

1) Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметтері туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Жеке акционермен және Жарғымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына оның меншік құқығын растайтын көшірмені (үзіндіні) алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлауға (тағайындауға);

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

7) Қоғамның органдары Заңнама нормаларын және Жарғыны бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органға өтініш білдіруге;

8) егер тиісті өтініште басқа мерзім көрсетілмеген болса, Қоғамның қызметі туралы Қоғамға жазбаша сауал жіберуге және Қоғамға сұраныс келіп түскен кезеңнен бастап отыз жұмыс күні барысында дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бөлігіне;

10) Заңнамамен белгіленген тәртіпте оның акцияларына конверсияланған Қоғамның басқа да бағалы қағаздары мен акцияларын артықшылықты сатып алуға;

11) Директорлар кеңесіне Заңнамаға сәйкес Жеке акционердің қарауына шығару үшін қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

12) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

13) өз есебінен Қоғамның аудитін аудиторлық мекемелер өткізуін талап етуге құқылы.

32. Қоғамның Жеке акционері:

1) Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) аталған акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушыларын және тіркеушіні он күн ішінде Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізбе жүйесіне енгізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

3) Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

33. Жеке акционер Заңнамаға және Жарғыға сәйкес басқа да құқықтарды және міндеттерді иеленуі мүмкін.

## **7. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛІГІ МЕН КАПИТАЛЫ**

34. Қоғамның мүлігі Қоғам қызметін қамтамасыз ету үшін, соның ішінде Қоғамның қызметі нәтижесінде пайда болған Қоғамның міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін арналған және жеке меншік құқығында оған тиесілі. Қоғамның мүлігі негізгі және айналым қаражаттарын, соның ішінде құны Қоғамның дербес теңгерімінде көрсетілетін басқа да мүліктерді құрайды.

35. Қоғам Заңнамаға сәйкес өз қызметінің мақсатына және мүліктің тағайындалуына сәйкес өз мүліктерін пайдалануды, иеленуді және басқаруды жүзеге асырады.

36. Қоғамның мүліктері:

1) Жеке акционер Қоғамның акцияларын (Жарғы капиталын) төлеуге жіберілген мүлік есебінен;

2) Қоғам қызметі нәтижесінде алынған табыстар есебінен;

3) Заңнамамен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынған басқа да мүлік есебінен құрылады.

37. Жеке акционер оларға Қоғамның жарияланған Жарғы капиталын төлеу ретінде енгізілген жекелеген объектілерге жекелеген құқықтары жоқ.

38. Қоғамның орналастырылған акцияларын төлеуге ақшалар, мүліктік құқықтары (соның ішінде парасат меншіктілігі объектілеріне құқықтар) және Заңнамамен қарастырылған жағдайларды қоспағанда басқа да мүліктер.

Ақшадан өзге басқа мүлікпен төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы анықтайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

39. Қоғамның Жарғы капиталының өсіруге Заңнамамен белгіленген тәртіпте акцияларды шығару және орналастыру арқылы Жеке акционердің немесе соттың шешімі бойынша жол беріледі.

## **8. АКЦИЯЛАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ**

40. Қоғам акцияларды, облигацияларды, конверсияланатын және басқа да бағалы қағаздарды, соның ішінде туынды бағалы қағаздарды жүзеге асыруға құқылы. Қоғам бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.

41. Қоғам тек қана жай акцияларды шығарады.

42. Жеке акционерге жай акция оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқық береді. Жай акция сонымен қатар Жеке акционерге Қоғамның таза табыстары болған жағдайда дивидендтер алуға және Заңнамамен белгіленген тәртіпте Қоғам таратылған жағдайда Қоғамның мүлігінің бөлігін алуға құқық береді.

43. Акцияларды шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

44. Қоғамның орналастырылған (іске асырылған) акциялары туралы, соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде Қоғамның орналастырылған (іске асырылған) акцияларының саны туралы, оларды орналастыру (іске асыру) әдісі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Жеке акционері қабылдайды.

Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін орналастырады.

45. Қоғамының акциясын ұстаушылардың тізілім жүйелерін құруды, жүргізуді және сақтауды Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болып табылмауы тиісті Қоғамның тәуелсіз директоры Заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

46. Қоғам кепілдікке олар орналастырған бағалы қағаздарды тек келесі жағдайларда ғана, егер:

1) кепілдікке берілетін бағалы қағаздар толығымен төленген болса;  
2) Қоғам кепілдікке берген және онда кепілдікте тұрған акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бестен аспайтын пайызын құрайтын болса;

3) Жеке акционер акция кепілдігі туралы шартты мақұлдаған болса ғана қабылдайды.

## **9. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНД. ТАЗА ТАБЫСТАРДЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ**

47. Өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алған Қоғамның табысы салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қолданылып жүрген Заңнамаға сәйкес Қоғамның меншігінде қалады, сондай-ақ акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады.

48. Қоғамның Жеке акционерінің шешіміне сәйкес Қоғам төлеген, өзіне тиесілі акциялар бойынша Жеке акционердің табысы дивидендтер болып табылады.

Дивидендтерді төлеу ақшалай, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге, егер осындай төлем Жеке акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда Қоғамның жарияланған акцияларымен және олар шығарған облигациялармен жүзеге асатын болса ғана, жол беріледі.

49. Қоғам таза табыстардан жыл сайын қаражат бөлу арқылы Жеке акционердің шешімі бойынша шаруашылық қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу үшін резервті капитал құра алады. Жыл сайын бөлінетін қаржы мөлшерін Жеке акционер белгілейді.

50. Қоғамның Басқармасы Жеке акционерге Ұлттық холдингтің акцияларына дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 наурызына дейін береді.

51. Жыл қорытындылары бойынша жай акциялар жөніндегі дивидендтерді төлеу туралы шешімді Жеке акционер қабылдайды.

Жыл қорытындылары бойынша дивидендтер дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылданған жағдайда Жеке акционер белгілеген мерзімде төленеді.

52. Жеке акционер Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған өз өкілеттігі шегінде жыл қорытындылары бойынша жай акциялар жөніндегі дивидендтерді төлемеу туралы шешімді, оны қабылдаған күннен бастап он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, қабылдауға құқылы.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Дивидендтерді төлеу туралы шешімде келесі ақпараттар болуы тиіс:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшері;

4) дивидендтерді төлеуді бастаудың мерзімі;

5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

53. Жай акциялар бойынша дивидендтерді есептеуге:

1) Қоғамның меншік капиталының теріс мөлшері жағдайында немесе егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болатын болса;

2) егер Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес Қоғамда төлеуге қабілетсіздік немесе аukatсыздық белгілері пайда болатын болса немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болатын болса жол берілмейді.

54. Жеке акционерлер Қоғамның берешектері құрылған мерзімне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

55. Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Жеке акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және акшалай міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сүйене отырып, есептеп шығарылған өсімпұл төленеді.

56. Жарғының 53-тармағын бұзған әрекеттер Қоғамның несие берушілерінің мүдделеріне зиян келтіретін әрекеттер деп есептеледі және сот кез-келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

## **10. ҚОҒАМНЫҢ АУДИТІ, ЕСЕПТІЛІГІ МЕН ЕСЕПКЕ АЛУЫ**

57. Қоғамның қаржылық есептілігіне Қоғамның бухгалтерлік теңгерімі, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақша қаражатының айналысы туралы есеп және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес басқа да есептер кіреді.

Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және Қоғамның қаржылық есептілігін құру тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен белгіленеді.

58. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Жеке акционер мәселені қараған күнге дейін отыз күннен кеш емес уақытта Қоғамның Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі тиіс.

59. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін соңынан бекітуді Жеке акционер жүргізеді.

60. Қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз қызметі туралы есеп береді.

61. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің шынайылығын, сондай-ақ істердің ағымдағы жағдайларын тексеру және растау үшін Қоғам жылдық қаржылық есептілігінің аудитін өткізуі тиіс.

62. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Атқарушы органның ынтасы бойынша Қоғамның есебінен немесе Жеке акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда Жеке акционер дербес түрде аудиторлық ұйымды анықтауға құқығы бар.

63. Жеке акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) беруге міндетті.

## 11. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

64. Келесілер Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Ұлттық холдингті Басқармасы атынан Жеке акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі;
- 5) Қоғамның ішкі несие саясатын жүзеге асыратын орган – Несие комитеті.

## 12. ҚОҒАМНЫҢ ЖЕКЕ АКЦИОНЕРІ

65. Заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзырына енгізілген мәселелер бойынша шешімді Заңнамаға және Ұлттық холдингтің Жарғысына сәйкес Қоғамның Жеке акционерінің функциясын жүзеге асыратын Ұлттық холдингтің Басқармасы қабылдайды және белгіленген тәртіпте рәсімделеді.

66. Жеке акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Аталған мерзім есептілік кезең ішіндегі Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін емес болған жағдайда үш айға дейін созылған болып саналады.

67. Жеке акционер шешім қабылдауы үшін акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді дайындауды Қоғамның Басқармасы, жасалған шарттарға сәйкес Қоғамның тіркеушісі, Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

68. Жеке акционердің қарауына акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді шығаруға Қоғамның Директорлар кеңесі бастамшылық етеді.

69. Жеке акционердің қарауына акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған қалған мәселелерді шығаруға Директорлар кеңесі, Жеке акционер бастамшылық етеді, ал өз еркімен тарату процесінде – сондай-ақ Қоғамның тарату комиссиясы бастамшылық етеді.

70. Заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен Жеке акционердің қарауына мәселелерді міндетті түрде шығару жағдайлары алдын ала қарастырылуы мүмкін.

71. Жеке акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда аталған мәселелер бойынша орынды және негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпараттар болуы тиіс.

72. Жеке акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзырына жатқызылатын, Жеке акционердің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша материалдарға келесілер кіруі тиіс:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) өткен қаржы жылы ішіндегі Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде бір жылға дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстары;

- 4) Жеке акционердің қарауына мәселелерді шығаруға бастамшылық етушінің қарауы бойынша басқа да құжаттар.

73. Жеке акционердің шешімі Қоғамның Басқармасында сақталуы тиіс және кез-келген уақытта танысу үшін Жеке акционерге берілуі тиіс. Жеке акционердің талап етуі бойынша оған Жеке акционердің шешімінің көшірмесі беріледі.

### **13. ЖЕКЕ АКЦИОНЕРДІҢ АЙЫРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ**

74. Жеке акционердің айырықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен қосымшалар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

- 2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен қосымшалар енгізу;

- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акциялары санының көбеюі туралы (жарияланған акциялар санын, соның ішінде Ұлттық холдингі төлеуі тиісті акциялар санын анықтау) немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялары түрлерінің өзгеруі туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын конверсиялаудың шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларға енгізілген өзгерістерді анықтау;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшері мен шарттарын анықтау;

7) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдарды анықтау;

8) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

9) есептілік кезеңдегі Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;

10) Жарғының 53-тармағымен қарастырылған жағдай болған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа да заңды тұлғаларды құруға немесе оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

12) Акциялар құнын, оларды Қоғам Заңнамаға сәйкес сатып алған жағдайда, анықтаудың әдістемесіне (егер Қоғам құрылған кезде бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) енгізілген өзгерістерді бекіту;

13) Жеке акционердің қарауына шығарылған мәселелердің күн тәртібін бекіту;

14) Жеке акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, соның ішінде Заңнамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

15) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау (тағайындау), сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

16) жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдау;

17) қоғамның тіркеушісін бастапқы таңдау;

18) Заңнамаға сәйкес анықталған Қоғамның тіркеушісімен жасалған шартты бекіту;

19) Қоғамның меншік капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның міндеттемелерінің осы туралы шешім қабылдау;

20) 5 жылға Қоғамның дамуының Стратегиялық бағытын және оны орындау туралы есепті бекіту;

21) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау;

22) шешім қабылдау осы Жарғымен және Заңнамамен Жеке акционердің айырықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер;

75. Егер басқасы Заңнамамен қарастырылмаған болса, шешім қабылдауы Жеке акционердің айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Қоғам жұмыскерлерінің құзырына тапсыруға рұқсат етілмейді.

76. Жеке акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа да органдарының кез-келген шешімін бұзуға құқығы бар.

#### **14. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

77. Директорлар кеңесі Заңнамамен және Жарғымен Жеке акционердің айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі Жеке акционер бекіткен Директорлар кеңесі туралы Ереже негізінде әрекет етеді.

78. Жеке акционердің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындаған мерзімде сыйақы төлене алады және олар Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің функциясын атқаруға байланысты шыққан шығыстарының орны толтырылуы мүмкін. Осындай сыйақы мен өтемақының мөлшері Жеке акционердің шешімімен бекітіледі.

79. Егер басқасы Заңнамамен белгіленбеген болса, Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Жеке акционердің қарауына мәселелерді шығару;
- 3) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
- 6) Директорлар кеңесінің қандай да бір Комитетінің, сонымен бірге ішкі аудит мәселелері бойынша Комитеттің құрамын құру және анықтау туралы шешім қабылдау;
- 7) Төрағаның (Президенттің) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлық мөлшерін және еңбегін төлеу және сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 8) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлердің еңбегін төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 9) Корпоратив хатшысын тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоратив хатшысының лауазымдық айлық ақы мөлшері мен сыйақы шарттарын анықтау;

10) аудиторлық ұйымдардың, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының көрсеткен қызметін төлеу мөлшерін анықтау;

11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдаған құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздар аукциондарын және жазылымдарын өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережені бекіту;

13) Басқа да заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғы капиталына қатысу үлесін) Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

14) Қоғам міндеттемелерінің оның меншік капиталының он пайыздан жиырма бес пайызға дейінгі мөлшерін құрайтын көлемге өсуі;

15) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін сайлау;

16) Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпиясы бар ақпараттарды анықтау;

17) ірі мәмілелерді және Жарғының 79-тармағы, 21) тармақшасында көрсетілген мәмілелер тізбесіне кірмейтін, жасалуында қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның есепке алу саясатын бекіту;

19) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің даму жоспарын және/немесе орта мерзімді жоспарын және оны орындау туралы есепті бекіту;

20) Қоғамның бюджетін бекіту, сондай-ақ Жеке акционермен келісім бойынша оған өзгертулер мен қосымшалар енгізу;

21) Жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер тізбесін бекіту, оларды жасау туралы шешімді Қоғам Басқармасы қабылдайды, сондай-ақ осындай шешімдерді қабылдау тәртібін анықтайды;

22) Жеке акционердің айырықша құзыретіне жатпайтын, Заңнамамен және осы Жарғымен алдын ала қарастырылған басқа да мәселелер.

80. Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жататын мәселелер Қоғамның Басқармасына шешу үшін жіберілмейді.

Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жеке акционердің шешіміне қайшы келетін мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

81. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылатын басқа да мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің Комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамы нақты бір Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімді игерген Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылардан тұрады.

Қоғамның Басқарма төрағасы (Президент) Директорлар кеңесінің Комитет төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі Комитеттерін құру және оның жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

82. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үштен кем емес адамнан құрылуы керек. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының үштен бір бөлігіндей саны тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

83. Төменде аталған тұлғалар директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды:

1) жоғары немесе орта арнаулы білімі жоқтар;

2) заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген және алып тасталмаған сотталғандығы барлар;

3) бұрын банкроттығы, уақытша тоқтатылғаны, жақсартылғаны, мәжбүрлі түрде таратылғаны туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл ішінде аталған тұлға басшылық еткен уақытта банкрот болып танылған, уақытша тоқтатылған, жақсартылған, мәжбүрлі түрде таратылған заңды тұлғаның басқарушы тұлғасы болғандар. Аталған тізбе Қоғамның Жеке акционерінің шешімі бойынша толықтырылуы мүмкін.

84. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін Жеке акционер анықтайды.

85. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына Жеке акционердің шешімімен лауазымы бойынша Қоғам қызметіне жетекшілік ететін Ұлттық холдингтің басқарушы жұмыскерлері, тәуелсіз директорлар, Қоғамның Басқарма төрағасы (Президент) және басқа да тұлғалар кіреді.

86. Қоғамның Басқарма төрағасынан (Президенттен) басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана (тағайындала) алмайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып Ұлттық холдинг Басқармасының мүшесі – Қоғам бойынша жетекшілік ететін Ұлттық холдингтің басшысы сайланады.

87. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған (тағайындалған) тұлғалар, егер басқасы Заңнамамен белгіленбеген болса, шексіз түрде қайта сайлана (қайта тағайындала) алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жеке акционер жаңа директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдаған кезеңде бітеді. Жеке акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамшылығы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша ескертуі негізінде жүзеге асырылатды.

Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің көрсетілген ескертпесін алған күннен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғаны және Жеке акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда соңғының өкілеттігі бүтіндей алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір уақытта өтеді.

88. Заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырады және онда төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттаманы жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Қоғамның атынан Қоғамның Басқарма төрағасымен (Президентімен) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық айлықақы белгілеумен еңбек шартын жасайды. Бұл жағдайда аталған еңбек шарты Басқарма төрағасының (Президенттің) жауапкершілігінің және материалдық көтермелеудің тікелей Қоғам қызметінің нәтижесіне және Қоғамды дамытудың орта мерзімді жоспарына байланыстылығын қарастыруы тиіс;
- 5) Қоғамның атынан жыл сайынғы аудит өткізуге аудиторлық ұйымдармен шарт жасасады;
- 6) Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қоғам Басқармасының сыйақы мөлшері мен құрамы туралы Жеке акционерді хабардар етеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған кездерде оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

89. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшелерінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардың;
- 3) Жеке акционердің;
- 4) Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

90. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі берілген тиісті жазбаша хабарлама жіберуі арқылы қойылады.

Директорлар кеңесі төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастама жасаушы аталған талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға өтініш білдіруге құқығы бар.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма отырысты шақыру туралы талап келіп түскеннен кейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаларды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

91. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне ескертпе жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды.

92. Директорлар кеңесі отырысын сырттай өткізу туралы ескертпеге сырттай дауыс беру үшін бюллетень қоса беріледі, ол Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бірдей нысанда беріледі.

Сырттай дауыс беру үшін арналған бюллетеньдерде келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) хатшыға (корпоратив хатшысына) қол қойылған бюллетеньді беру мерзімі;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беру үшін соңғы мерзімі;
- 4) мәжілісті өткізуге бастамшылық етушілер туралы мәліметтер;
- 5) мәжілістің күн тәртібі;
- 6) дауыс беруге қойылған анық та орынды құрылған сұрақ (сұрақтар);
- 7) «үшін», «қарсы», «қалыс қалушы» сөздерімен берілген дауыс беру нұсқалары;
- 8) бюллетеньдерді толтыру тәртібі бойынша түсініктемелер.

Сырттай дауыс беру үшін Директорлар кеңесі мүшелеріне бюллетеньдерді жіберген жағдайда хатшы (корпоратив хатшысы) өзінің қойылған қолымен олардың дұрыс та бір қалыпты толтырылғандығын куәландырады.

93. Директорлар кеңесінің мүшесі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесі отырысына оның қатысу мүмкіндігінің жоқтығы туралы Басқарманы хабардар етуі тиіс.

94. Директорлар кеңесін өткізу үшін арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан аз емес бөлігін құрайды және Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерін ескере отырып, анықталуы мүмкін (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған жағдайда).

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында анықталған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін Жеке акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Жеке акционердің қарауына осындай мәселені шығару туралы ғана шешім қабылдауға міндетті.

95. Директорлар кеңесінің әр бір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі, егер басқасы Заңнамамен қарастырылмаған болса, отырысқа қатысқан директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Берілген дауыстар теңдей болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық ететін тұлғаның берген дауысы шешуші болып табылады.

96. Директорлар кеңесі тек қана Директорлар кеңесінің мүшесі ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізетіні туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

97. Жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасау туралы шешім оның жасалуына мүдделілігі жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің жай басым дауыстарымен қабылданады. Егер осындай мәмілені жасауға мүдделілігі жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Директорлар кеңесінің Жалпы санының жартысынан кемін құрайтын болса, онда оны жасау туралы шешімді Жеке акционер қабылдайды.

98. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қарауында Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы тек қана сырттай дауыс беру арқылы мүмкін. Бұл жағдайда мәжілістің күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетендер қолданылады.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетендерде кворумдар болған жағдайда шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданған болып табылады. Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде ресімделген болуы тиіс және оған хатшы (корпоратив хатшысы) мен Директорлар кеңесі төрағасы қол қоюы тиіс, ал онда келесілер мазмұндалуы тиіс:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы мен орналасқан жері;
- 2) сырттай мәжілістің шешімін жазбаша ресімдеудің мерзімі мен орыны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәлімет;
- 4) мәжілісті шақыруды жүзеге асырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) мәжілістің күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әр мәселесі бойынша берілген дауыс қорытындысы мен қабылданған шешім;
- 8) басқа да мәліметтер.

Шешімді ресімдеген мерзімнен бастап жиырма күн ішінде ол, негізінде аталған шешім қабылданған бюллетендер қосымшасымен бірге, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілген болуы тиіс.

99. Іштей өткізілген Директорлар кеңесі мәжілісінде қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделуі тиіс. Ол хаттаманы отырыста төрағалық еткен тұлға және хатшы (корпоратив хатшысы) отырысты өткізген күннен бастап үш күн ішінде жасауы және оған қол қоюлары тиіс және ол хаттамада:

- 1) Қоғамның (Басқарманың) толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) мәжілісті өткізу мерзімі, уақыты және орыны;
- 3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған сұрақтар және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер толық берілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжіліс хаттамасы және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қолдары қойылған бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Қоғамның хатшысы (корпоратив хатшысы) Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруі тиіс және (немесе) Қоғамның уәкілетті жұмыскерінің қойылған қолымен және Қоғамның мор бедерімен куәландырылған шешімдерді және хатамадан үзіндіні (көшірмені) беруі тиіс.

## 15. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

100. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайды. Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Басқармасы туралы Ереже негізінде әрекет етеді. Қоғамның Басқармасын Қоғамның Басқарма төрағасы (Президенті) басқарады.

101. Басқарма Заңнамамен және Жарғымен Қоғамның басқа да органдарының және оның лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы, соның ішінде:

- 1) Қоғамның ағымдағы және алдағы жоспарларын іске асыру;
- 2) Басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен және мемлекеттік органдармен қатысына қарай Қоғамның мүддесін білдіру;
- 3) Қоғамның қызметін реттейтін ішкі және басқа да құжаттарының жобаларын әзірлеу және Директорлар кеңесінің бекітуіне беру;
- 4) Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарға жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды бекіту;
- 5) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін ашу;
- 6) Қоғамның барлық жұмыскерлері орындауы үшін міндетті болып саналатын шешімдер шығару және нұсқау беру;
- 7) Қоғамның оперативтік қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 8) Заңды тұлғалардың, соған қатысты Қоғам акционер (қатысушы) болып табылатын, жарияланған акцияларының санын өзгерту жөніндегі шешім қабылдау;
- 9) Қоғамды дамытудың Стратегиялық бағыттарының 5 жылға арналған жобасын және оны орындау туралы есептерін дайындау;
- 10) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің орта мерзімдік жоспарын және/немесе даму жоспарын орындау туралы есептер дайындау;
- 11) Жеке акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етудің басқа да мәселелері бойынша шешім қабылдау.

102. Басқарма Директорлар кеңесінің мүшелеріне, олар өздеріне жүктелген функцияларды орындаған жағдайда, сұранымды алған кезеңнен бастап он күннен кем емес мерзімде Қоғамның қызметі туралы, сондай-ақ құпия сипаттағы ақпараттарды уақытында беруді камтамасыз етеді.

103. Басқарма Жеке акционердің және Директорлар кеңесінің шешімін міндетті түрде орындауға міндетті.

Қоғам, егер мәміле жасаған кезде тараптар мұндай шектеулер туралы білгендіктері туралы дәлелдесе, Басқарма Қоғаммен белгіленген шектеулерді бұзумен жасаған мәміленің шынайылығын даулауға құқылы.

104. Басқарма мүшелері Қоғамның жұмыскерлері арасынан сайланады.

Басқарма мүшелері Қоғам қызметіне қатысты және оларға Басқарма құрамында өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарға шектеусіз қол жеткізуге құқығы бар.

Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттемелерді жауапкершілікпен орындауы тиіс және анағұрлым жорғары дәрежеде Қоғамның және Жеке акционердің мүдделерін көрсететін әдістерді пайдалануы тиіс.

Басқарма мүшелері Қоғамның мүлігін Жарғыға, Жеке акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланбауы және басқалардың осындай мақсаттарда пайдалануына мүмкіндік бермеуі, сондай-ақ өз мақсаттарында және өз аффилиирленген тұлғасымен мәміле жасаған кезде теріс пайдаланбауы тиіс.

Басқарма мүшелері Басқарма мәжілісін шақыруға бастамшылық ету, Басқарма төрағасын (Президентті) хабардар ету арқылы және де басқа да қол жеткізімді әдістер арқылы Қоғамның қызметін қарқындату, шығындарды болдыртпау үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Басқарма мүшелері Басқарма төрағасын (Президентті) олар жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша істердің жағдайы туралы хабардар етеді.

Басқарма мүшелерінің басқа да функциялары, құқықтары мен міндеттемелері Заңнамамен, Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасаған еңбек шартымен анықталды. Қоғамның атынан Басқарма төрағасымен (Президентімен) жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесі төрағасы немесе бұған уәкілетті тұлға Жеке акционер қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалған еңбек шартына Басқарма төрағасы (Президент) қол қояды.

105. Басқарма үштен кем емес адамнан тұрады.

106. Басқарманың мәжілісі қажеттілігінше өткізіледі, алайда айына бір реттен кем емес. Басқарма мәжілісін Қоғамның Басқарма төрағасы (Президент) өзінің ынтасы бойынша, Басқарманың кез-келген мүшелерінің, Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырады.

107. Қоғамның Басқарма отырысын өткізу үшін арналған кворум Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем емес бөлігін құрайды.

Басқарма мәжілісінде мәселелерді шешкен жағдайда Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие болады.

108. Басқарма шешімдері мәжіліске қатысқан немесе сырттай дауыс беруге қатысқан оның мүшелерінің жай басым дауысымен қабылданады. Берілген дауыстар саны теңдей болғанда Қоғамның Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

109. Қоғам Басқармасы мәжілісінің нәтижелері бойынша хаттама жасалады. Басқарма мәжілісінің хаттамасына оның дұрыс құрылуына жауапты Басқарма төрағасы (Президенті) мен хатшы (корпоратив хатшысы) қол қояды. Қоғамның Басқарма отырысының хаттамасы Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Қоғамның Ішкі аудит қызметіне олардың талап етуі бойынша таныстырылады.

110. Басқарма төрағасы (Президенті):

- 1) Басқарманы басқарады;
- 2) үшінші тұлғаға қатысты Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында оның мүдделерін қорғау құқығына арналған сенімхаттар береді;
- 4) Қоғам міндеттемесінің Қоғамның меншік капиталының мөлшерінен 10 пайызға дейінгі бөлігін құрайтын сомаға артуы туралы шешім қабылдайды;
- 5) Қоғамның жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және босатуды (Заңнамамен белгіленген жағдайларды қоспағанда) жүзеге асырады, оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазаға тартады, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының көлемін және Қоғамның шаттық кестесіне сәйкес еңбекақысына қоса берілетін жеке үстеме ақша мөлшерін анықтайды, Басқарманың құрамына кіретін жұмыскерлерді және Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін қоспағанда, Қоғам жұмыскерлерінің сыйлықақы мөлшерлерін анықтайды;
- 6) өзі болмаған кездерде өзінің лауазымдық міндеттемелерін атқаруды Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;
- 7) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттемелерді, сондай-ақ өкілеттілік салаларын және жауапкершіліктерді бөледі;
- 8) Қоғамның жұмыс режимін анықтайды;
- 9) Заңнамаға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің алдында есеп береді;
- 10) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 11) Құзыреттілік шегінде бұйрықтар шығарады, әмір береді;
- 12) Басқарма мәжілісін шақырады және қажетті материалдарды қарауға береді;
- 13) Қоғамның атынан Қоғамның жұмыскерлерімен еңбек шарттарын (жалдау туралы шарттар) жасайды және оларды бұзады;
- 14) Жеке акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімінің орындалуын ұйымдастырады;
- 15) Құрылым бөлімшелері туралы ережені қосқанда Қоғамның Басқармасы анықтаған тәртіпте ішкі құжаттарды бекітеді;

16) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің орта мерзімдік жоспарын және оны орындау туралы есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді;

17) Жеке акционердің және Директорлар кеңесінің айырықша құзырына, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзырына жатпайтын, міндеттемелерді орындау үшін қажетті, Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты бар барлық қалған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

111. Қоғамның Басқарма төрағасы (Президенті) басқа заңды тұлғаның Атқарушы органы басшысының немесе Атқарушы органының функциясын бір өзі жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

## 16. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

112. Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылатындар: Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері (Президент), Комитеттердің басшылары.

113. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) оларға жүктелген міндеттемелерді жауапкершіліпен атқарады және Қоғамның және Жеке акционердің мүдделерін анағұрлым жоғары дәрежеде білдіретін әдістерді қолданады;

2) Қоғамның мүлігін Қоғамның Жарғысына, Жеке акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға жол бермеуі, сондай-ақ өз жеке мақсаттарында пайдаланбауы және өзінің аффилирленген тұлғаларымен мәміле жасаған кезде теріс пайдаланбауы тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қосқанда, бухгалтерлік есеп беру және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнама талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпарат беруді және оның ашып көрсетілуін бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы, соның ішінде Қоғамда жұмыс істеуін тоқтатқан кезеңнен бастап үш жыл ішінде, егер басқасы Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленбеген болса, ақпараттың құпиялығын сақтауы тиіс.

114. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам мен Жеке акционер алдында өзінің әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зияны үшін, соның ішінде:

1) жаңылдыратын немесе қасақана берілген жалған ақпаратты беру;

2) ақпарат берудің Заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртібін бұзу нәтижесінде келтірілген шығындары үшін өзіне жауапкершілік артады.

Қоғам Жеке акционердің шешімі негізінде лауазымды тұлғаға оның Қоғамға келтірілген зияндары мен шығындарын өтеу туралы талап арызымен сотқа жүгінуіне құқығы бар.

115. Қоғамның лауазымды тұлғалары, егер Қоғамның немесе Жеке акционердің шығынға ұшырауына әкеліп соқтырған Қоғам органдарының қабылдаған шешімдеріне қарсы дауыс берген болса немесе дауыс беруге қатыспаған болса, онда жауапкершіліктен босатылады.

## **17. ЖЕКЕ АКЦИОНЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ОЛАРДЫҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУІ**

116. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларын осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі берген мәліметтер негізінде есепке алады.

117. Жеке акционер мен Қоғамның лауазымды тұлғалары Заңнамамен белгіленген тәртіпте бағалы қағаздар нарығын бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға, сондай-ақ Басқарма төрағасына (Президентіне) және Жеке акционерге (мәлімет үшін) өзінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпарат береді.

118. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпаратты Қоғамның аффилирленген тұлғалары тұлғаны аффилирленген деп тану үшін негіздеме пайда болған (жойылған) мерзімнен бастап немесе акцияларды сатып алған (Қоғамның лауазымды тұлғаларымен еңбек шартын жасаған) мерзімнен бастап 7 күн ішінде береді.

Бұрын Жеке акционермен немесе Қоғамның лауазымды тұлғаларымен аффилирленген ретінде көрсетілген тұлға осындай болуды тоқтатқан жағдайда, Жеке акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамның Басқарма төрағасын (Президентін), сондай-ақ Жеке акционерді (Қоғамның лауазымды тұлғалары бөлігінде мәлімет үшін) бұл туралы хабардар етеді.

119. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның Басқарма төрағасына (Президентіне) бағалы қағаздар нарығын бақылау және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бекіткен тиісті нысан бойынша беріледі.

## **18. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ**

120. Қоғам Интернет желісіндегі Қоғамның WEB-сайтында және бағалы қағаздар нарығын бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілері мен (немесе) мемлекеттік сатып алу Заңнамасына сәйкес анықталған мерзімдік баспасөз басылымдарында өз қызметі туралы ақпаратты жариялайды.

Қоғам Жеке акционерге оның сұранысы бойынша Жеке акционердің мүддесін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жеткізеді.

121. Жеке акционердің мүддесін қозғайтын ақпарат болып табылатындар:

1) Жеке акционер мен Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдері және қабылданағн шешімдерді орындау туралы ақпарат;

2) Акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды Қоғамның шығаруы және Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептер, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді уәкілетті органдардың бекітуі, Қоғамның бағалы қағаздарын уәкілетті органының жоюы;

3) жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәмілелер мен ірі мәмілелерді Қоғамның жасауы;

4) Қоғамның меншік капиталының мөлшерінің жиырма және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның несие алуы;

5) қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның лицензия алуы, бұрын қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның алған лицензияларының әрекетін тоқтата тұру немесе тоқтату;

6) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

7) Қоғамның мүлігіне тыйым салу;

8) нәтижесінде баланстық құны Қоғамның активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан да көп пайызын құраған, Қоғамның мүлігі жойылған төтенше сипаттағы себептердің басталуы;

9) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) Қоғамды еріксіз түрде қайта құру туралы шешім қабылдау;

11) Жарғыға сәйкес Жеке акционердің мүддесін қозғайтын басқа да ақпарат.

122. Жеке акционердің мүддесін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам қызметтік және коммерциялық құпиялары бар ақпаратты меңгерген Қоғамның қызмеркерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қаматамасыз етеді.

123. Қоғам қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам Басқармасының орналасқан жерінде немесе Басқарманың шешімі бойынша басқа орында оның барлық қызмет ету барысында Қоғамның сақтауы тиіс.

Сақталуы тиісті құжаттар келесілер:

1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Заңды тұлға ретінде Қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

3) Қоғамның статистикалық карточкасы;

4) салық төлеушінің куәлігі (РНН);

5) Қоғамның қызметтің кейбір түрлерімен айналысуына және (немесе) кейбір әрекеттер жасауға лицензиялары;

6) Қоғамның балансында бар (болған) мүлікке Қоғамның құқығын растайтын құжаттар;

7) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

8) Қоғамның бағалы қағаздары шығарылымының мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттар, бағалы қағаздарды жою, сондай-ақ уәкілетті органға берілген Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді бекіту;

9) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

10) Жеке акционердің шешімдері және оларға сәйкес материалдар;

11) Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары (сырттай мәжіліс шешімдері), Директорлар кеңесінің күн тәртібі мәселелері бойынша материалдары;

12) Баскарма отырысының хаттамалары (шешімдері);

13) Болған жағдайда корпоративтік басқару кодексі.

124. Жеке акционер ақпаратты алу мақсатында Қоғамның Басқармасына жазбаша түрде өтініш білдіреді. Жеке акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам Жеке акционерге талап етілген құжаттарды (талап етілген құжаттардың көшірмелерін), егер басқа мерзім өтініштің өзінде белгіленбеген болса, өтініш білдірген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде беруі тиіс.

Құжаттардың көшірмесін бергені үшін төлем мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттар көшірмесін әзірлеуге, Жеке акционерге құжатты жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуге шыққан шығындар құнынан аспайды.

125. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияларды құрайтын ақпараттары бар, Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналдырудың және конверсиялаудың жекелеген мәселелерін реттейтін құжаттар Жеке акционерге оның талап етуі бойынша танысу үшін берілуі тиіс.

## 19. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ

126. Қоғамды қайта құру (қосылу, бірігу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құрылу) Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

127. Қайта құру ерікті түрде немесе еріксіз түрде жүргізілуі мүмкін.

128. Еріксіз түрде қайта құру Заңнамамен қарастырылған жағдайда сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

## 20. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

129. Баскарма Жеке акционер Қоғамды тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін немесе соттың шешімі бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға Қоғам тарату процесінде тұрғандығы туралы мәліметтерді жазбаша түрде хабарлауы тиіс.

130. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Жеке акционер қабылдайды, ол несие берушілермен келісім бойынша және олардың бақылауымен Заңнамаға сәйкес тарату процесін анықтайды.

131. Қоғамды еріксіз түрде таратуды Заңнамамен қарастырылған жағдайда сот жүзеге асырады.

Егер басқасы Заңнамамен қарастырылмаған болса, мүдделі тұлғалар Қоғамды тарату туралы талапты сотқа қоюы мүмкін.

132. Қоғамды тарату туралы соттың немесе Жеке акционердің шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде Қоғамның басқаруы бойынша және тізбесі Заңнамамен анықталған әрекеттер жасау бойынша өкілеттілікке ие болады.

Ерікті түрде тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғамның несиесі берушілері арасынан өкілдер, Жеке акционердің өкілдері, сондай-ақ Жеке акционердің шешіміне сәйкес басқа да тұлғалар кіргізілуі тиіс.

133. Қоғамды тарату рәсімі мен оның несиесі берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Заңмен реттеледі.

Қоғамды таратқан жағдайда оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Заңнамамен белгіленген тәртіпте жойылуы тиіс.

Таратылатын Қоғамның мүлігін бөлу Заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

## 21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

134. Егер осы Жарғының ережелерінің біреуі жарамсыз болып қалатын болса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына ықпал етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық ережемен, қарым-қатынаста рұқсат етелетін басқа ережелермен алмастырылуы мүмкін.

135. Осы Жарғыға енгізілген барлық өзгерістер мен қосымшалар жазбаша түрде ресімделеді, оған уәкілетті органдар қол қояды, Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады және оларды мемлекеттік тіркеген кезеңнен бастап күшіне енеді.

136. Осы Жарғымен реттелмеген жағдайдың барлығында да Қоғам Заңнаманы басшылыққа алады.

137. Осы Жарғы оны мемлекеттік тіркеген кезеңнен бастап күшіне енеді.

«ҚазАгро» Ұлттық холдингі»  
акционерлік қоғамының  
Басқарма төрағасы



*А. Смайылов* А. Смайылов